

- 3 V. A. Tişkov. İstoricheski fenomen diaspory // EO. №2. s. 42-63.2000.
- 4 A. Zelenin. İzyk ruskoj emigrantskoj presy. (1919-1939). 2007.
- 5 K. Aldabergenuli, J. Nuskabai, F. Orazbai. İstoria kazahskoi jurnalistiki. Almaty. Rauan. 1996.
- 6 Polnoe sobranie sochineni Mustafy Şokaia. 12 tomov. TOO “Daik Pres”. ALmaty - 2012.
- 7 Jurnal “Milli Ul” (1928-1939) v sisteme tatarskoj emigrantskoj presy. Avtoreferat disertatii na soiskanie uchenoi stepeni kandidata filologicheskikh nauk. Kazän, 2012.
- 8 T. Nasyrov. Tatarskaia emigrantskaia presa.
- 9 Sentralnyi gosudarstvennyi arhiv Respubliki Başkortostan. F. 4917. Opisanie 1-A. L.
- 10 BROMM. Fond 4917. Spisok 1. Delo 44. stranisa 8.
- 11 RGVA. f. 1358 k. op.3.d.45 b. 1.44 (Ros gos voennyi arhiv, fond 1358 kniga, opis 3. Delo 45, 44 list)
- 12 RGVA. f. 1358 k. op.3.d.45 b. 1. 45
- 13 RGVA.f.461k.op.1.d.431.l.174 (Myna belgilengendi qalai körsetetinın bilmedim. Op, d, l degenderdik tolyq jazyluyn berseñiz, tüsinbei jatyrmyñ)
- 14 Lichnyi arhivnyi fond M. Şoke vo Fransii. Korobka 5. Dose 2. str. 36
- 15 Tureski Gumhuriyet Basbakanlik Gumhuriyet Arsivi. Arsiv 080. Dolap
- 16 Goz 01. Klasor 1197. Dosä 50. Fihrist 57. S. 6.

МРНТИ 19.21.07

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-7804.95>

*Каримова Б.С.,<sup>1</sup> Тұяқбаев Ғ.А.<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup> Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,  
Қызылорда, Қазақстан*

## МУСТАФА ШОҚАЙ ХАТТАРЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

*Аңдатпа*

Мұстафа Шоқай – тұңғыш қазақ эмигранты, шетелдерде саяси эмиграцияда жүріп ұлт бостандығы, мемлекет тәуелсіздігі, түркі халықтарының бірлігі жолында күрескен қоғам қайраткері. Ол Қоқан автономиялық республикасының негізін қалаушы. Кеңестік идеологияның шағын ұлт өкілдері мен олардың саяси қайраткерлеріне деген қысымынан мәжбүрлі түрде шетелге қоныс аударған. 1917 жылы билікке келген большевиктер үкіметіне барынша қарсылық танытып, Орта Азиядағы түркі халықтарын біріктіру жолында күрескен.

Саяси көзқарастары мен ұстанымдарын қазақ, орыс, ағылшын, француз, түрік тілдерінде шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында жариялай отырып, Шығыс, Батыс, Европа мемлекеттерінің саяси қайраткерлеріне өзін саяси күрескер ретінде мойындатқан. ХХ ғасырдың алғашқы жартысында әлем саясаткерлерімен байланыс орнатқан.

Мұстафа Шоқай шетелдерде жүріп бірнеше саяси-қоғамдық журналдар ашып, өзін публицист, редактор ретінде танытқан. Оның артында публистикалық мақалалары мен естеліктері, түрлі деңгейдегі жиындар мен форумдарда сөйлеген сөздері қалды. Осындай мұраларының арасында М.Шоқайдың саясаткерлермен, ғалымдармен, мемлекет басшыларымен, туған туысқандарымен, өнер адамдарымен жазысқан хаттарының орны ерекше.

Мақалада М.Шоқайдың эпистолярлық мұрасы және оның тарихи маңызы туралы сөз болады.

**Түйін сөздер:** эмигрант, эмиграция, эпистолярлық жанр, ұлт тарихы, эмигранттық журналистика, идеология, кеңес үкіметі, жанр, хат, көзқарас, тарихи дерек

*Karimova B.,<sup>1</sup> Tuyakbayev G.<sup>1</sup>*

*<sup>1,2</sup> Kyzylorda State University named after Korkyt Ata,  
Kyzylorda, Kazakhstan*

## THE HISTORICAL SIGNIFICANCE OF THE LETTERS OF MUSTAFA SHOKAY

*Abstract*

Mustafa Shokay is the first Kazakh emigrant, public figure who fought for national freedom, state independence and the unity of Turkic people in political emigration abroad. He is the founder of Kokand Autonomous Republic. He was forced to emigrate under the pressure of Soviet ideology on ethnic minorities and their politicians. He strongly opposed Bolshevik government, which came to power in 1917 and fought for the unification of Turkic people of Central Asia.

He published his political views and principles in foreign media in Kazakh, Russian, English, French and Turkish languages and recognized himself as political fighter for political figures of eastern, western and European countries. In the first half of the XX century, he established contacts with world politicians.

Mustafa Shokay traveled abroad, opened several political and social magazines and established himself as a publicist and editor. He left behind himself journalistic articles and memoirs, speeches at meetings and forums at various levels. Among such heritage, special place occupies letters of M. Shokay, which he wrote to politicians, scientists, heads of state, relatives and artists.

The article discusses the epistolary heritage of M. Shokay and its historical significance.

**Keywords:** emigrant, emigration, epistolary genre, history of the nation, emigrant journalism, ideology, soviet government, genre, letter, point of view, historical fact

Каримова Б.С.,<sup>1</sup> Туякбаев Г.А.<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> Кызылординский Государственный Университет им. Коркыт Ата,  
Кызылорда, Казахстан

## ИСТОРИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ ПИСЕМ МУСТАФЫ ШОКАЯ

### Аннотация

Мустафа Шокай - первый казахский эмигрант, общественный деятель, который боролся за национальную свободу, государственную независимость и единство тюркского народа в политической эмиграции за рубежом. Он является основателем Кокандской Автономной Республики. Он был вынужден эмигрировать под давлением советской идеологии на национальные меньшинства и их политиков. Он решительно выступал против большевистского правительства, пришедшего к власти в 1917 году, и боролся за объединение тюркских народов Средней Азии.

Он публиковал свои политические взгляды и принципы в зарубежных СМИ на казахском, русском, английском, французском и турецком языках и признавал себя политическим борцом за политических деятелей восточных, западных и европейских стран. В первой половине XX века он установил контакты с мировыми политиками.

Мустафа Шокай ездил за границу, открыл несколько политических и общественных журналов и зарекомендовал себя как публицист и редактор. Он оставил после себя публицистические статьи и мемуары, выступления на совещаниях и форумах различного уровня. Среди такого наследия особое место занимают письма М. Шокая, которые он писал политикам, ученым, главам государств, родственникам и художникам.

В статье рассматривается эпистолярное наследие М. Шокая и его историческое значение.

**Ключевые слова:** эмигрант, эмиграция, эпистолярный жанр, история нации, эмигрантская публицистика, идеология, советская власть, жанр, письмо, точка зрения, исторический факт

**Кіріспе.** Қоғамдық-гуманитарлық ғылымның басқа ғылым салаларынан басты ерекшелігі – оның мемлекет пен қоғамның идеологиясына байланысты болуында. Ғылым мен саясат, ғалым мен идеология бір-бірінен алшақ жатқан ұғымдар болып көрінгенімен, басты зерттеу нысаны қоғамдағы саяси-әлеуметтік, рухани-мәдени жағдай болып табылатын тарих, саясаттану, әдебиеттану сияқты ғылым салалары қашанда мемлекеттің бақылауында болатыны шындық. Бұл әсіресе, отар мемлекеттер мен отар халықтар тарихынан анық көрінеді. Үш жүз жылдан астам уақыт Ресей патшалығы мен Кеңестер одағының бодандығында болған қазақ халқының жүріп өткен жолы мен ғылым тарихы (историография) – осы сөзіміздің айқын дәлелі.

Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін шетелдердегі қазақ эмигранттары, олардың өмірі мен саяси қызметі, эмиграцияға кету себептері мен кезеңдері, шығармашылығы туралы айту, жазу, зерттеу мүмкін болмады. «Өйткені тәуелсіздік алғанға дейін шетелдердегі қазақтардың мәдениетін зерттеу былай тұрсын, қоғамдық ғылымдар жүйесінде Отанымыздан тысқары тұратын қандастарымыздың мәселесімен айналысатын диаспорология саласы да болған жоқ» [1.5]. Оның ең басты себебі, кеңестік идеология Одақтас Республикалар құрамындағы ұлттардың тарихын оқытуға, зерттеуге мүмкіншілік бермеді. Одақтас Республикалардың мектептері мен жоғары оқу орындарында тек КСРО тарихы мен КПСС тарихы ғана оқытылды. Онда тек мемлекет құрушы ұлттан (орыс ұлты) басқа халықтан шыққан ұлт зиялылары туралы шынайы мәліметтер мен деректер болмады. Мәселен, шетелдердегі қазақтар туралы Отанын сатқан опасыздар деген ғана ұғым-түсінік қалыптасты. Соның салдарынан отандық ғалымдар үшін қазақ диаспорасы мен ирриденттері, қазақ эмигранттары туралы зерттеу «жабық» тақырып болды.

Кеңестік билік тұсындағы қазақ ғылымына жасалған осы қиянат еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін қалпына келе бастады. Қоғамдық-гуманитарлық ғылымда жаңа бағыт – шетелдердегі қазақтар мәселесін зерттеу жүргізуге

мүмкіндік туды. Осы ретте тұңғыш қазақ эмигранты Мұстафа Шоқайдың өмірі мен күрескерлік жолы туралы зерттеулерді айта кетуіміз керек.

Соңғы 20-25 жыл көлемінде М.Шоқай туралы Түркия, Татарстан, Қазақстан ғалымдарының бірнеше зерттеу еңбектері жарыққа шықты, қазақ ғылымында «Мұстафатану» атты жаңа ғылым саласы өмірге келді. Әрине, бұл М.Шоқайдың өмірі, саяси-күрескерлік жолы толық зерттеліп болды дегенді білдірмесе керек. Өйткені М.Шоқай – сан қырлы тұлға.

Ол – тек қазақ халқының ғана емес, тұтас түркі халықтарының ұлттық бостандығы жолындағы күресінің стратегиясы мен тактикасын айқындаған қайраткер. XX ғасыр басында құрамына Сырдария, Ферғана, Самарқан уәлаяты толығымен енген Түркістан автономиялық мемлекетінің негізін қалаушы да осы М.Шоқай болатын.

**Әдебиеттерге шолу.** Саясаткер ретінде ол жаңа орнаған Кеңес өкіметі патшалық Ресейдің заңды жалғасы екендігін көре білді. Бұған дейін қазақ жерін тұтастай отарлап алған Ресей империясының мұрагері ретінде отарлау саясатын тереңдей жүргізе беретінін де түсінді. Өзі сияқты азаттық жолындағы қазақ зиялыларының қуғынға ұшырайтынын білгендіктен, Мұстафа Шоқай амалсыз елден кетуге мәжбүр болды. «М.Шоқай 1921 жылдың мамыр айында Парижге қоныс аударады. Бірақ Батыс Еуропаның қай елінде тұрақтауы не болмаса Америка Құрама штаттарына қоныс аударуы жөнінде екіойлы болып жүрген тәрізді. 1922 жылы ол Италияға да барып қайтады. 1923 жылдың алты айын Германияда өткізеді. Ақырында Мұстафа саяси эмиграцияның астанасы саналатын Парижде қалуға шешім қабылдайды» [2.225].

Ол кезде Түркия мен Париж эмигранттар көп шоғырланған мемлекеттер болатын. Орта Азиядан келген эмигранттар мен татар, башқұрт эмигранттарының Түркиямен байланысы жақсы жолға қойылған еді. «XX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында, 1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін мыңдаған татарлар Түркияға қоныстанған болатын. Татар зиялылары – Ю.Акчуры, Г.Исхаки, С.Максуди, Г.Баттала, А.-З.Валиди, Р.Рахмати, Х.Зубайра т.б амалсыздан өзге елдерге қоныс аударды. Түркия олардың екінші отанына айналды», - дейді татар эмигранттық журналистикасын зерттеушілердің бірі А.И.Галямутдинов [3.12]. Шоқайдың Парижді таңдаудағы басты мақсаты өзімен ниеттес, бағыттас саяси эмигранттармен тізе қосып, күрес жолын жалғастыру және Түркиямен тығыз байланыс жасау болғаны анық. М.Шоқай Парижге келгендегі өзінің осы саяси мақсатына қол жеткізді. Жоғарыда айтқан татар зиялыларымен, басқа да түркі халықтары эмигранттарымен байланыс орнатты, сөйтіп туған жерден жырақта эмигранттық өмірі, күрес жолы басталды.

Өзінің саяси-күрескерлік жолында бұқаралық ақпарат құралын басты қару ретінде ұстанған М.Шоқайдың публицистикалық мақалаларынан басқа өз заманындағы рухтас, ниеттес зиялылармен жазысқан хаттары мен естеліктері де – бүгінгі ғылым үшін өзекті зерттеу тақырыптарының бірі. «Әдебиет әлеміндегі хат жанры осы кезге дейін тұрмыстық өмірде көп кездесіп, адамзат тарихындағы руханиятта айтарлықтай із қалдырды. Эпистолярлық мәдениет қоғамдық, саяси, әлеуметтік және әдебиет, мәдениеттегі құбылыстарда адам мен адамның, қоғам мен қоғамның, ұлт пен ұлттың, ұрпақ пен ұрпақтың арасында диалогтық дәстүр қалыптастырып, сөйлеу жанрының жан-жақтылығын қамтамасыз етті», - [4.9] деген пікір тұрғысынан қарасақ, эпистолярлық мұраның, соның ішінде М.Шоқай сынды саяси тұлғаның хат мұрасының маңыздылығы айқындала түседі.

Герцен «...дәуір документі» деп атаған эпистолярлық жанр туралы Қ.Ергөбек: «Хаттардың астарына үңіліп, әлеуметтік-саяси мәніне зер салу, эпистолярлық жанр ретінде жинақтай қарастырып, тарихы мен теориясына ден қою – қазақ әдебиеттану ғылымы үшін үрдіске айнала қойған жоқ», - дейді [5.245]. Шынында, әдебиеттану ғылымы эпистолярлық жанрдың өзіндік ерекшелігі мен стилі, табиғаты, ең бастысы, тарихи дереккөзі ретіндегі маңызын толық ашты деп айта алмаймыз. Адамның психологиялық көңіл-күйінен бастап тұтас қоғамның тарихынан сыр шертетін хат жанры – әлі де зерттеу мен зерделеуді қажет ететін өзекті тақырыптың бірі. Осы орайда көптеген зерттеушілер «...бұл салада зерттелуге тиісті материал кез келген адамның күнделікті тұрмысқа, үй ішіне, қара басына қатысты жайларды сөз еткен хаттары емес, белгілі бір қоғам қайраткерлерінің, қалам иелерінің, ғылым-білім өкілдерінің, көбінесе әлеуметтік не өзге де мәні бар мазмұндағы корреспонденциялары болуға тиіс», - дейді [6.229]. Десе де жоғарыда айтып өткеніміздей, әр кезеңде өмір сүрген қоғам қайраткерлерінің тарихи мәні зор хаттарынан бастап, бір-біріне жазысқан сырластық хаттарының (зерттеушілердің бөлуі бойынша – **ред.**) өзі де уақыт өте келе өзіндік құндылығымен ерекшеленеді. Мұны ғалымдар «М.Балақаев, Е.Жанпейісов хаттарды былайша топтастырады: «1) ресми хаттар; 2) ресми-іскери және іскери хаттар; 3) тұрмыстық хаттар, олардың екі түрін ажыратады: сырластық және достық хаттар», - деп тағы бір зерттеуші растайды [7.5]. Келісетініміз, хаттың көпшілік жағдайда нақты бір адамның ғана қызығушылығын тудыратыны, нақты бір адресаттың ғана жауабынан тұратындығы. Сондықтан да көптеген ғылыми зерттеулерде хаттың жанр ретінде қарастырылуы қалыс қалып жататындығы шындық. Бұл ойымызды шыққаны бірнеше жылдың бедерінде сақталынған «Античная эпистолиграфия» атты еңбектегі: «Когда перечисляют жанры, созданные античной литературой и унаследованные европейской литературой нового времени, обычно называют эпос, лирику, трагедию и комедию, историческую, ораторскую и философскую прозу и очень редко вспоминают о еще одном жанре. Этот жанр – письмо» деген сөздер де баяғыда растап берген [8.3]. Сол секілді аталмыш зерттеуде тағы да хат жанрының басқа жанрларға қарағанда өте аз еске алынатындығы туралы мынадай дәйек келтіреді: «...Когда пишут письма, забота о художественности обычно стоит на последнем месте; и получают произведения, интересные и важные для пишущего и для получателя, но более ни для кого» [8.3].

Эпистолярлық жанр туралы айтқанда көптеген әлем әдебиетінің теориялық негізін қалаған зерттеушілердің ішінде оқ бойы озық тұратын орыстардың эпистолярлық әдебиетті жанр ретінде ертелеу зерттегендігін айта

кеткеніміз жөн. Олар сондай-ақ, хат мәтінінің замандар бойы қалыптасып, тұрақты нормаға түсіп, ішкі даму процесі негізінде сыртқы қоғамдық-әлеуметтік өзгерістерге лайық икемделіп дамып отыратындығын да алға тартады. Зерттеуші Н.И.Гайнуллина эпистолярлық жанрдың даму тарихында құрылысы жағынан, жазылу мәнері мен талаптары жағынан т.б. өзгеріске түскендігін жіліктеп ашып береді. Ол: «В исторической перспективе эпистолярный жанр претерпел существенные изменения на всех уровнях структурном, содержательном, экспрессивно-эмоциональном, функциональном. В этой парадигме не менее существенные изменения находим в нем и на уровне наименования. И здесь частное письмо не оказалось статичным и неизменным, а меняло или расширяло круг своего наименования в зависимости от внешних обстоятельств и места, которое занимал данный жанр в целом в системе функциональных жанров в разные периоды истории русского литературного языка», - деп аталмыш жанрдың тілдік те, әдеби нормалық та сипатын дәйектейді [9.426].

**Әдістеме.** М.Шоқайдың эпистолярлық мұрасын шет елдерде эмиграцияда жүріп өзінің идеялас жолдастары әзірбайжан, татар, башқұрт, өзбек, ұйғыр, Кавказ халықтары өкілдері эмигранттары Аяз Исхаки, Заки Валиди, Әбдулуақаб Оқтай, Тахир Шағатай, Мәжидаддин Делил, Юсуф Ақшора, Алимардан Топчибаши т.б. жазысқан хаттары құрайды. Сонымен бірге шет елдерде жүріп, туған-туысқандарымен жазысқан хаттары да бар. Шамамен 300-ге жуық сақталған хаттары негізінен шағатай және орыс, сондай-ақ, ағылшын, француз тілдерінде жазылған. «Тарих ғылымы қазіргі кезде жеке тұлғаға, оның ішкі жан дүниесіне, тарихи оқиғаларды қабылдауына ерекше көңіл бөліп отыр. Белгілі бір кезеңде өмір сүрген адамдардың психологиясы, рухани өмірінің деңгейі, қоғамдық санасы, ойы, сезімі, көңіл-күйі көрініс тапқан жеке тарихи деректерін (күнделіктер, естеліктер, хаттар) тарихи дерек көзі ретінде зерттеу тарихқа жаңа көзқараспен қарауға мүмкіншілік береді, тарихи дерек көздерінің кешенін кеңейте түседі», - [10.3] деген ғылыми пайымы жеке тұлғалардың арасындағы хаттардағы тарихи деректілік маңызын аша түседі. Ендеше, М.Шоқай хаттары тек оның эмиграциядағы күрескерлік жолынан ғана емес, ұлт тарихын зерделеуде тарихи дерек ретінде де құндылығы жоғары. Мәселен, В.А.Чайкиннің 1922 жылдың 22 наурызында М.Шоқайға жазған хатынан біраз тарихи сырды көре аламыз. Чайкин Вадим Афанасьевич (1886-1941) – социал-революционерлер (эсерлер) партиясы орталық комитетінің мүшесі, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы депутаттығына кандидат, Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің мүшесі. Бірінші Жалпықазақ съезінің жұмысына қатысқан. 1923-1933 жылдары айдауда болып, 1938 жылы қуғын-сүргінге ұшырап, 1941 жылы Орал түрмесінде бірнеше саяси қайраткерлермен бірге атылып кеткен. Ол саяси қызметімен бірге ғылыми жұмыстармен де айналысып, бірнеше зерттеу еңбектерін жазған [2.536].

**Нәтиже.** «Яш Түркістан» журналында бірге қызмет атқарған Ә.Оқтайдың: «Ол Түркістан халқын орыс диктатурасынан қорғауға күш салды, бірақ озық және адал ойлы славян халқының өкілдері Я.Газовский, И.Пильсудский, В.Чайкин, В.Наливкин деген құрметі ерекше еді», - деген пікірі [11] мен шоқайтанушы ғалым К.Есмағамбетовтің Түркістан қайраткерлері қатарында В.А.Чайкинді, А.А.Чайкинді, У.Қожаевты, Н.П.Архангельскийді [12.13] атауы В.Чайкин мен М.Шоқайдың саяси ұстанымдарының жақын болғандығын көрсетеді.

В.А.Чайкиннің хаты көлемді, 1922 жылдың 22 наурыз-26 наурыз аралығында жазылған. Хатта қай күні, қай сағатта отырып жазғандығы анық көрінеді. Өзінің хатын В.А.Чайкин бірнеше пунктке бөліп жазған.

1921 жылдың 29 желтоқсаны мен 1922 жылдың 23 қаңтары аралығында Түркістанда болғандығынан хабардар етеді. Түркістан сапарында Н.Төрөқұловпен және А.Рахымбаевпен кездескендігін айтады.

Түркістанда өзін жақсы қарсы алғандығын айта келіп, ондағы саяси жағдайлардан хабардар етеді. Мәселен, «басмашылардың» көтерілісіне байланысты «Түркістан басылымдарында өте жиі «басмашылық бітті» деген тақырыптар шықса да, оның қашан жойылатындығын ешкім де, тіпті билік те болжай алмайды», - дей келе, сондай бір шабуылға өзінің куә болғандығын, көз алдында 6 кісінің өлгендігін айтады.

Германияда тұратын түбі түркістандық ғалым Баймырза Хайт «XX ғасырдағы Түркістан» атты еңбегінде: «Басмашылар қозғалысы – түркі халықтарының ежелден басқыншыларға, отаршыларға жан беріп, жан алысқан ұлт азаттық күресінің заңды жалғасы. Басмашылар өздерінің төл мемлекетін, ұлттың, елін, жерін, отбасын, еркіндігі мен азаттығын, адамдық құқы мен бостандығын қорғаған патриоттар», - десе, М.Шоқай: «Басмашы» аталып жүргендер – көтерілісшілер мен Түркістанда орыс диктатурасына қарсы күресушілер, Түркістанды құтқару жолында қан төгіп, жанын пида етушілер» дейді.

Орта Азия республикаларында XX ғасырдың басында кең көрініп, соңы 30-40 жылдарға дейін жеткен басмашылық қозғалыс туралы біз әлі кеңестік көзқараспен жүрміз. Шын мәнінде, басмашылық қозғалыс Кеңес үкіметіне қарсы күрескен, ұлт азаттық көтерілістерінің құрамдас бөлігі еді. Ендеше, осы қозғалысқа бүгінгі күннің тұрғысынан қарап, тарихи баға беретін уақыт та жетті ғой деп ойлаймыз.

1921 жылы 30 мамырда М.Шоқайдың Е.К.Миллерге хатынан сол замандағы әлемдік саяси кеңістікте сөз болған тарихи оқиғаның куәсі боламыз. Бұл – М.Шоқайдың Е.К.Миллердің 5 мамырда жазған хатына жауабы. Хат «Британ қызметінің майоры Миллер мырзаға. Британдық Қара теңіз әскерлерінің бас пәтері. Мархабатты Тақсыр!» деп басталған.

5 мамырда жазған Е.К.Миллер хатынан да, М.Шоқайдың осы хатынан да бірінші көрінетіні – ресми хат екендігі.

М.Шоқай Е.К.Миллердің 5 мамырда жазған өтініш хатына жауап ретінде В.А.Чайкин бакулық 26 комиссардың өліміне қатысты барлық мәліметтерді 1919 жылы наурыз айының басында Ашхабад сапарында жинағандығын және оның қасында өзінің болғандығын айтады. В.Чайкиннің айыптау мақаласын жазуға негіз болған мәліметтердің Закаспий Қоғамдық құтқару комитетінің мүшесі Л.А.Зиминнен, Ашхабад түрмесінде тұтқында отырған Закаспий

облыстық уақытша атқару комитетінің бұрынғы Фунтиков пен Седыхтан алынғандығын Зиминнің өз мәліметтерін жазбаша бергендігін айтады. Ең бастысы, М.Шоқай В.Чайкин мақаласындағы мәліметтердің негізсіз емес екендігін және оған бұл мәліметтерді берген А.Зиминнің өте адал адам екендігін жеткізеді. «Л.А.Зимин секілді ерекше адал адамның мұны ойдан шығаруы, тіпті Дружкиннің сөзін жай бұрмалауы да мүмкін емес деп ойлаймын. Ол кезде Дружкин Ашхабадта болатын. Кез келген уақытта Чайкинмен кездесуге және ақиқатын анықтауға мүмкіндігі болды. Оның үстіне бакулық комиссарлардың өлімі туралы Чайкин жинап жүрген мәліметтерде Дружкин өзінің негізгі куәлер қатарында екендігін де білетін» [12.55] деген Мұстафа жауабы бұл мәселеден өзінің толық хабардар екендігін, сонымен бірге ол мәліметтердің шынайы екендігіне еш күманданбайтындығын көрсетеді.

Шоқайтанушы К.Есмағамбетов көптеген тарихи деректерде бакулық 26 комиссардың өліміне байланысты деректер мен мәліметтер жинауда М.Шоқай В.Чайкинге көмекші болды дегенге келіспейді. «Мұстафа өз серігі В.Чайкин жүргізген «тергеу» жұмыстарының бей-жай куәгері болған емес, ол бұл іске белсенді түрде атсалысты», - дейді [13.195]. М.Шоқайдың Миллерге жауап хатынан да осы жай аңғарылады.

Хат «Мархабатты тақсыр, Сізге деген құрметімді қабыл алыңыз. Константинополь, Пера, Кішік Байрам көшесі, 18.Менің Париждегі мекен-жайым: 179. Ре де ля Помп» деп аяқталады.

Хаттың өзгешелігі сол, оның екі адамның арасында ғана емес, жазушының өзі үшін хат жазып, онда ең өзекті деген келелі мәселелерді түртіп, оны сақтап, кейінгіге мұра етіп қалдырылуы. Содан да болар, «Ғалымның хаты өлмейді» деген сөздің де күн өткен сайын құндылығы артуда. Осы орайда Мұстафа Шоқайдың «Лондонға сапар туралы қысқаша хатынан» [14.98] қайраткердің Лондонға барып, онда екі тақырыпта, бірі – «Кеңес Одағы және Шығыс Түркістан», екіншісі – «Түркістандағы большевиктік диктатураның 15 жылынан соң» деп аталатын баяндамаларын оқуы қажет сапары жайында айтылғандығына қанық боламыз. Автордың науқастанып қалуына байланысты Лондонда ол 3-4 күннен кейін ғана болу мүмкіндігіне ие болса да, оның баяндамасын тағатсыздана, сондай бір қызығушылықпен күтіп отырған ағылшындықтардың аталмыш баяндама аса құнды пікірлер айтуларына тиек болады. Бірнеше тілді меңгерген, оның үстіне аса білімдар М.Шоқайдың оқыған баяндамаларының мән-маңызының бірінен бірі асып түскендігі соншалық, ұзақ жылдар бойы Ұлыбритания, Персия және Қашқардың консулы болған Перси Сайкс мырзадан бастап, басқа да лауазымды кісілер өз пікірлерін ортаға салады. Жазылған хаттан Лондондағы бірнеше күндік іссапарында маңызды саяси мәселелермен бетпе-бет келе отырып, Шоқайдың Шығыс Түркістан үшін шын мәнісінде қажетті құжаттармен танысып, өзінің қайраткерлік тұлғасын шетелдіктер алдында тағы бір мәрте танытқандығын бағамдауға болады.

Шығыс Түркістан мен Түрксибті жалғайтын темір жолдар туралы айтқан баяндамашы сөздері тыңдаушылар арасында үлкен сенсация туғызып та үлгіреді. Ағылшындықтардың бұл картаның негізін іздеген бас ауыртуларына автор оның 1929 жылы шыққан «Түркістан-Сібір магистралі» кітабының қосымшасы екендігін жеткізеді. Ал Үндістандағы, атап айтқанда Амритсар қаласындағы Шығыс Түркістан эмигранттарының белгілі колониясының большевиктік саясаттың құрбанына айналып, соның кесірінен елді тастап кетуге мәжбүр болған босқыншылар екендігін естіген тыңдаушылардың жағаларын ұстауынан да Мұстафа Шоқай баяндамасының өзектілігін көреміз. Осы сапардан еліне оралған Шоқайға Институттың халықаралық істер жөніндегі төрағасы Малкольм мырза арнайы хат жолдап, баяндаманы тыңдаушылардың оның сөздерін өте жылы қабылдап, олардың авторға асқан ілтипат білдіріп жатқандығын жазған. Жазушының екінші баяндамасы да тыңдаушылар тарапынан қызу талқыға түсіп, олар осы уақытқа дейін орыс информаторларының үнемі Көне Ресейдің Түркістанға тек қана қамқорлық көрсетіп жатқандықтарын ғана естігендіктерін, ал Шоқай баяндамасындағы мүлде кереғар пікірлерден бірінші рет құлағдар болып тұрғандықтарын айтып, таңқалысады.

Түркістан жайындағы баяндама «Орта Азия қоғамы» журналында жарияланатын болып шешіледі.

Лондонда айтылған маңызды мәселелерден кейін М.Шоқайды арнайы қабылдау ұйымдастырылады. Бірақ жазушы оған қатысуға бірнеше күнге қалуына тура келсе де, материалдық жағдайына байланысты елге оралады.

М.Шоқай Лондонға барған сапарында тағы да «украин акциясымен» де айналысады. Лондондағы екі белгілі: «Украин бюросы» мен Скоропадский – В.К.Коростовецтің ұйымдарының жағдайымен танысуды да жөн санайды. Аталмыш екі бюронның да ішкі және сыртқы жағдайынан хабардар болған М.Ш.Коростовецтің өз аузынан Украина мен украиндар арасында үш басты ағымның: коммунистер, петлюровшілер, үшінші – гетманшылардың бар екендігін естиді. Ол сонымен бірге М.Шоқайға гетманшылардың, яғни өздерінің ешуақытта Украинаның да, Польшаның да сойылын соқпай, тек бейбіт келісімде жұмыс жасайтындықтарын тілге тиек етеді.

Мұстафа Шоқай шығармаларын оқи отырып, ғалым, журналист, өз ісінің нағыз майталманы, әмбебап адам ретінде оның әрбір істеген ісіне, жазған жазуына деген ыждағаттылығын, үлкен еңбеккестігін бірден аңғаруға болады. Оның халықаралық, ішкі мәселелермен бірге қарапайым ғана көрінетін істерде де соншалықты мұқияттылығын жазбай танимыз. Тағы бір «М.Шоқай – «Наша Заря» газетінің редакциясына» деп аталатын хатта ол Тяньцзинде тұратын түркістандықтар мен татарлардың өз еріктері бойынша «Жас Түркістан» журналына жазылу үшін 3856 франк 40 сантим жинап, 15 адамнан тұратын тізімнің атынан аталмыш қаржының редакция қорына аударылатындығын сөз етеді [14.107]. Автор барлық жазылушылардың аты-жөндеріне дейін көрсетеді. Өзі аса бағалайтын басшылымынан осы жазып отырған алғыс ретіндегі ықылас хатының түгелдей жариялануын өтінеді. Соңында «Жас Түркістанның» бас редакторы деп көрсетуді де ұмытпайды.

Келесі бір хатын ол: «Аса құрметті Владимир Александрович!» деп бастап, хатта автор ескі түрік немесе араб әрпімен линотип үшін қалып табуға көмектесуін өтінеді. Өзінің баспахана ісінде ештеңені ұқпайтындығын және «линотип үшін қалып» деген терминнің бар-жоғын да білмейтіндігін айтады. Қалыпты Парижден табуға болатындығына кейбір кісілердің кеңес бергендігін, десе де өзінің осы мәселенің кейбір тұстарын түсіну үшін

мүмкін кездесу қажеттілігін білдіреді. Қашан, қайда кездесуді айтып, қолдау білдіретіндігіне сенімінің молдығымен өз хатын аяқтайды [15.142].

**Қорытынды.** Эпистолярлық әдебиеттің басты және негізгі ерекшелігі – деректілікке негізделуінде. Хат – дереккөзі. Осы тұрғыдан қарағанда М.Шоқай хаттарының тарихи деректілік маңызын көреміз. Ұлт, мемлекет тарихы, соның ішінде ХХ ғасыр басындағы Қазақстан тарихына қатысты көптеген тың деректерді М.Шоқай хаттарынан алуымызға болады. Әрине, бір-екі мақаланың көлемінде М.Шоқайдың хат-мұрасына, оның тарихи маңызы мен әдеби ерекшеліктеріне талдау жасау мүмкін емес екені белгілі. Біздің мақсатымыз – осы мәселеге ғылыми ортаның назарын аудару ғана.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Шетелдердегі қазақ фольклоры. Монография. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. Жауапты редактор: Б.Әзібаева. – Алматы: Evo Press, 2014. –452 бет.
2. Мұстафа Шоқай шығармаларының толық жинағы. 12 томдық. 1-том. «Дайк-Пресс» ЖШС. – Алматы, 2012. 225-бетте
3. Журнал «Милли Юл» (1928-1939гг.) в системе татарской эмигрантской прессы». Автореферат диссертации на соискание степени кандидата филологических наук. – Казань, 2012 г. 12-бетте
4. Пірәлі Г. М.О.Әуезовтің эпистолярлық мұрасы. – Алматы: Елтаным, 2017. –160 бет. 9-бетте
5. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар. –Түркістан: Тұран, 2006. –320 бет.
6. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар): Көптомдық шығармалар жинағы /Рәбиға Сыздықова / – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. –352 бет.
7. Әбікенова Г.Т. Қазақ тіліндегі эпистолярлық стильдің лингвистикалық сипаты. Монография. – Семей, 2008. –158 бет.
8. Античная эпистолография. Очерки. – Москва, 1937. С.307
9. Гайнуллина Н. Эпистолярное наследие Петра великого в истории русского литературного языка. Дисс. док. фил. наук. – Алматы, 1996. – 494с.
10. Павловская С.В. Воспоминания и дневники отечественных историков как исторический источник изучения общественно-политической и научно-педагогической жизни России конца XIX – начала XX веков. Автореферат на соискание кандидат исторических наук. 2006 г. Россия. – Нижний Новгород.
11. Оқтай А. Мұстафа Шоқай және түркішілдік. // Түркістан. –1997. –26 наурыз.
12. Шоқай М. Эпистолярлық мұрасы. 2 томдық. Құрастырған: Ф.Исахан. – Алматы: СаГа, 2006. –1-том. – 424 бет.
13. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: 12 томдық/ Р.Б. Сүлейменов атын. Шығыстану ин-ты; құраст. К. Есмағамбетов. – Алматы, 2014. –12-ші том. –24б.
14. Мұстафа Шоқай шығармаларының толық жинағы. 12 томдық. –7-том. «Дайк-Пресс» ЖШС. – Алматы, 2013. –527 бет.
15. М.Шоқайдың эпистолярлық мұрасы. –2-том. – Алматы, 2006. –372 бет.

References:

1. Şetelderdegi qazaq föklory. Monografia. M.O.Äuezov atyndaғы Äebiet jäne öner instituty. Jauapty redaktor: B.Äzibaeva. –Almaty: Evo Press, 2014. –452 bet.
2. Mūstafa Şoqai şyğarmalarynyñ tolyq jinağy. 12 tomdyq. 1-tom. «Daik-Pres» JŞS. –Almaty, 2012. 225-bette
3. Jurnal «Milli İul» (1928-1939gg.) v sisteme tatarskoi emigrantskoi presy». Avtoreferat disertasi na soiskanie stepeni kandidata filologicheskikh nauk. –Kazän, 2012 g. 12-bette
4. Pırälı G. M.O.Äuezovtuñ epistolärlyq mürasy. –Almaty: Eltanym, 2017. –160 bet. 9-bette
5. Ergöbek Q. Arystar men ağystar. –Türkistan: Tūran, 2006. –320 bet.
6. Syzdyqova R. Qazaq ädebi tilniñ tarihy (HV-IIIH ğasyrlar): Köptomdyq şyğarmalar jinağy /Räbiğa Syzdyqova / –Almaty: «El-şejire», 2014.–352 bet.
7. Äbikenova G.T. Qazaq tilindegi epistolärlyq stildñ lingvistikalıy sipaty. Monografia. –Semei, 2008. –158 bet.
8. Antichnaia epistolografia. Ocherki. –Moskva, 1937. S.307
9. Gainullina N. Epistolärnoe nasledie Petra velikogo v istorii ruskogo literaturnogo iazyka. Diss. dok. fil. nauk. –Almaty, 1996. – 494s.
10. Pavlovskaiia S.V. Vospominania i dnevniki otechestvennyh istorikov kak istoricheki istochnik izuchenie obşestvenno-politicheskoi i nauchno-pedagogicheskoi jizni Rosi konsa IIIH – nachala HH vekov. Avtoreferat na soiskani kandidata istoricheskikh nau. 2006 g. Rosia. –Nijni Novgorod.
11. Oqtai A. Mūstafa Şoqai jäne türkışıldık. // Türkistan. –1997. –26 nauryz.
12. Şoqai M. Epistolärlyq mürasy. 2 tomdyq. Qūrastyrğan: Ğ.İsahan. –Almaty: SaGa, 2006. –1-tom. –424 bet.
13. Şoqai M. Şyğarmalarynyñ tolyq jinağy: 12 tomdyq/ R.B. Süleimenov atyn. Şyğystanu in-ty; qūrast. K. Esmağambetov.–Almaty, 2014. –12-şı tom. –24b.
14. Mūstafa Şoqai şyğarmalarynyñ tolyq jinağy. 12 tomdyq. –7-tom. «Daik-Pres» JŞS. –Almaty, 2013. –527 bet.
15. M.Şoqaidyñ epistolärlyq mürasy. –2-tom. –Almaty, 2006. –372 bet